# Степногорск қаласының архивіне 25 жыл

Степногорск қаласының архивтік қызмет тарихы 1993 жылдың

03 ақпаны қалалық әкімшілік жанында архивтың құрылған уақытынан басталады.

1999 жылдың сәуірінен Ақмола облысының мұрағаттар мен құжаттамалар бөлімінің «Степногорск қаласының мемлекеттік мұрағаты» мемлекеттік мекемесі және 2016 жылдың маусымынан Ақмола облысының архивтер мен құжаттамалар басқармасының «Степногорск қаласының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып қайта тіркелді.

Бүгінгі күні мемлекеттік архивте 102 қор, бұл 86622 іс, соның ішінде 17572 басқару құжаттары, 69050 жеке құрам бойынша құжаттар есепте тұр.

1956 – 1991 жылдарда Кеңестік дәуір, қаланың халық депутаттары аркару комитеті кеңесінің құжаттары сипаттайды; қаржы, статистика, халықты әлеуметтік қорғау, мәдениет бөлімдерінің және басқалар, қаланың әлеуметтік-экономикалық өркендеуін сипаттайды.

Қала тұрғындарының мемлекеттік басқаруға қатысқандықтары туралы КСР Жоғарғы Кеңесіне және жергілікті Кеңестерге сайлау өткізу туралы сайлау комиссияларының құжаттары айғақтайды.

Өнеркәсіп және құрылыс ұйымдарының қорлары, Степногорск қаласының қорғаныстық маңызы бар өнеркәсіптік-құрылыстық кешенінің құрылуы, уран рудасының жаңа орындарын игеру, атом өнеркәсібінің өркендеуі туралы мағлұматтарға ие.

Егемендік алған кезең, өкілдік органға сайлау өткізуге сайлау комиссияларының, Қазақстан Республикасының Президентін сайлау жөніндегі мәжіліс, қаланың тұрғын үйлерін жекешелендіру туралы комиссиялардың құжаттарымен берілген.

Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорына жататын құжаттармен жасақтау, оларды есепке алу және сақталуын қамтамасыз ету, қоғам мүддесі үшін сақтаудағы құжаттарды жан-жақты пайдалану және жария ету, ғылыми-анықтамалық аппараттар жүйесін дамытып, жетілдіру, құжаттардың құндылығын сараптауды ұйымдастыру, азаматтардың мүддесін және заңдық құқығын қанағаттандыру себебімен әлеуметтік-құқықтық және тақырыптық түрдегі сұраныстарды орындау мемлекеттік архивтің жұмысына жатады.

Архивтер – бүгінгі күн мен өткен күннің тарихын сабақтастырып отыратын бейне бір тізбек іспеттес. Архив жұмысы сан қырлы және аса төзімділікті талап етеді, алайда мұны архив ісімен айналысатын адам ғана түсіне алады. Сонымен қатар архивистердің жұмысы бүгінгі күні ғана жауапты емес, тарих алдында жауапты деуге болады. Себебі өз қызметтік міндеттеріне салғырттықпен қараудың нәтижесінде қалпына келтіруге мүмкін емес құжаттар бүлінуі немесе жоғалып кетуі мүмкін.

25 жылда 10551 істің физикалық жағдайы жақсартылды, 13705 іс тігілді, 851894 парақ нөмірленді 21258 сақтау бірлігі картон қораптармен қапталды, 84859 істің физикалық жай-күйі және қолда бары тексерілді.

Архивтік құжаттар – өз уақытының әділ куәлары, туғаннан бастап өмірден өткенше дейін адам тағдырының және оның өмірінің айнасы. Бұл қоғам және еңбек қызметіндегі әр бір аяқ басуын бекітетін қағаздар мен жазбалар. Азаматтардың мүддесін және заңдық құқығын қанағаттандыру себебімен қоғамның ең негізгі бір мәселесін шешуге мемлекеттік архивтің жұмысының тағы бір бағыты әлеуметтік-құқықтық түрдегі сұраныстарды орындау. Архивке сұраныс беріп келген адамдар еңбек өтілін және еңбек ақысын, мұрагерлік және мүліктік құқықтарын, мемлекеттік және үкіметтік құрмет белгілерімен марапатталғанын және т.б. растау туралы туындаған өмірлік мәселелердің оң шешімін табатынына үміттенеді.

«Архивтік анықтама беру» мемлекеттік қызмет көрсету бойынша мемлекеттік архивте 25 жылда – 42942 сұраныс орындалды.

Мекемелер мен ұйымдарда іс жүргізуге салғырттықпен қарау бұйрықтарды дұрыс құрмау, датасында қате жіберу, түзету, бүлдіру, жоғалту – бұның бәрі адамдардың құжаттарды жедел рәсімдеп ала алмауына әкеп соғады. Мемлекеттік архивтің міндеті мекемелер мен ұйымдарда әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету, іс жүргізуді дұрыс ұйымдастыру, құжаттардың ведомствалық архивтерде сақтау мерзімі аяқталған соң міндетті түрде тұрақты мемлекеттік сақтауға тапсыру. Бұдан мекемелер мен ұйымдардың жұмыстарының тиімділігі ғана емес, іс жүргізу қалай жүргізілді, құжаттар қандай түрде тапсырылды және одан кейін олар қалай сақталуына байланысты, адамның тағдыры да тәуелді.

25 жылда мемлекеттік архив мекемелер мен ұйымдарда 118 семинар өткізді, 1320 істер номенклатурасы, 752 ведоствалық архивтер мен сараптау комиссияның ережелері келісілді.

Өткенді білмей болашақты құруға болмайды. Архивті халықтың естелігі деп атауға болады. Осы жерде бағалы құжаттар тырнақтап құрылады, көрінбейтін кішкентай жаңалықтардан орасан зор уақиғаларға дейін бар өміріміздің тарихы осында. Толық және қажетті ақпарат алуға барлық талап етушілердің мүмкіндіктері болуы үшін біздің архивтің архивистері көп жұмыс атқарады, бұл құжаттардың маңыздылығын, тіпті, адам тағдырын шешуге де септігін тигізетінін сезініп, есте ұстайды.

Сөз соңында өз ұжымымды және архив қызметінің ардагерлерін олардың тынымсыз және адал еңбектері үшін құттықтағым келеді.

Құрметті әріптестер, сіздерге біздің өте қажетті және игілі еңбекте жаңа шығармашылық жетістіктерге жете берулеріңізге, денсаулық, бақыт және құт-береке тілеймін. Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамдарыңыздың қарымды болуына, ел-қоғам алдында абыройларыңыздың арта беруіне тілектеспін.

**Степногорск қаласының мемлекеттік архивтің директоры Л. МҰХАМЕДИНА**